



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Зигмунд Фрейд
«Түс жору» (жалғасы)





Сабақтың мақсаты: 3. Фрейдтің «Түс жору» теориясының мазмұнын ашу.

Кілт сөздер: түс, түс жору, анализ, ығыстыру, тұжырым, түс-ойлар, түс-мазмұн.

Бұл дәрісімізде аталған тақырыпты жалғастырып, ғалымның ұсынған теориясының мағынасын тереңірек талдауға тырысамыз.

Фрейдтің теориясы бойынша Түс адам санасында ішкі: (арман-тілектер) және сыртқы: (күнделікті тіршіліктегі түрлі жағдайлардың) соматикалық қоздырғыштардың әсерінен туындайтын адам жанының реакциясы болып табылады. Сондай-ақ, соматикалық қоздырғыштарға қоса, психикалық бейсаналы қоздырғыштар болатынын да атап өтеді, яғни ол дегеніміз – адамның түсінде қалыпты жағдайлардан өзге де қосымша элементтердің де болатындығы. Түстің кейде қиял-ғажайып фильмдер секілді болып көрінуі де сондықтан. Фрейд бұл ұстанымын дәлелдеу мақсатында өзінің бір түсін мысал ретінде келтіріп, оның әрбір элементіне толыққанды терең талдау жасайды. Фрейд «Түс жору» теориясында түсті және олардың қызметін бірнеше түрлерге бөліп, түс жору әдістемесін ұсынады. Фрейдтің түс қызметінің бір түрі – сығымдалу.

Сығымдалу процесі дегеніміз – ол түстің астарында сіз ойлағаннан да кең ауқымды мағынаның болуы, яғни түсті ондағы әрбір жеке элементке сипаттама бере отырып, жорығанның өзінде, оның астарында сіз ойлағаннан да басқа мағына жатуы, элементтердің әртүрлі мағына білдіруі мүмкін. Сығымдалу дегеніңіз үлкен көлемдегі мәліметтердің, қысқаша түстің астарына сығымдалып берілуі. Бұл туралы Фрейд былай деп жазады: «Түсте зерттеушінің басты назарына ілінетін нәрсе, ол түс-мазмұн мен түс-ойдың астарындағы үлкен көлемдегі сығымдалу процесі», – дейді ол. Кең ауқымды және мазмұнды түс-ойлардың жанында түстердің өздері қысқа, жұпыны және ықшам болып көрінуі мүмкін. Егер түстің өзін қағазға түсірсе, жарты параққа әрең толуы мүмкін. Ал оның негізінде жатқан түс-ойларды түсіндіретін талдау нәтижесі бұдан алты, сегіз, не ондаған есе көп бет болуы әбден мүмкін. Дегенмен түс түбегейлі түсіндірілді деп ешқашан да толықтай сеніммен айтуға болмайды. Ешнәрсені назардан тыс қалдырмастан, түсті толық түсіндірдік деп ойласақ та, дәл сол түстер тағы да бір басқа мағынаны білдіруі мүмкін. Себебі сығымдаудың ауқымы мен өлшемі әрдайым белгісіз болып қала береді.

Осы тұрғыда, Фрейд сығымдалу процесіне мысал ретінде өзінің «Ботаникалық монография жайлы» түсін келтіреді. Фрейд бұл түсінде: өзінің бір өсімдік жайлы монография жазғандығын және сол кітаптың беттерін парақтап, ондағы кептірілген өсімдіктер жабыстырылған түрлі түсті кестелері бар беттерді аударыстырып қарап отырғандығы жайлы айтып және оған талдау жасаған болатын.

Фрейд түсін былайша жориды: Бұл түстің негізгі элементі – ботаникалық монография. Ол, сірә, түс көргеннен бір күн бұрынғы әсерлерден туған; яғни сол күні таңертең кітап дүкенінің айнасынан бір монографиялық кітап көргендігін, бұл элементті талдау кезінде, оның есіне өзі жазған кокаин жайлы мақаласы түседі; кокаиннан кейін, оның ойы университеттің зертханасы жайлы мерейтойлық кітапқа көшеді, екінші жағынан – кокаинды зерттеуге үлес қосқан досы, көз дәрігері Кенигштейнге ығысады. Кенигштейнмен оның алдыңғы кеште болған, кейін үзіліп қалған әңгіме, дәлірегі, әріптестер арасында бір-бірінің кәсіби көмегіне жүгінгенде, ақысын төлеу жайындағы түрлі ойлар шығады. Түстің негізгі қозғаушысы да осы әңгіме. «Цикламен» жайлы монография да, қатыссыз болып көрінгенімен, оның түрткісі болып табылады. «Ботаникалық монография» деген күрделі ұғым ғана емес, олардың әр элементі – «ботаникалық» және «монография» жекелей алғанда, түрлі байланыстардың көмегімен түс-ойдың «желісіне» тереңдеп енеді. «Ботаникалыққа» профессор Гартнер, оның жұбайы, Флора есімді науқасы мен ұмытылған гүлдер жайлы әңгіменің кейіпкері Фрау Л-ді жатқызуға болады. Гартнер бізді қайтадан Кенигштейнмен Фрейд арасындағы әңгімеге қайта оралтады, екі науқастың есімі де, сол әңгімеде аталады. Содан соң, оның талдауы, гүл күтетін бикештен – әңгіме Фрейд жұбайының сүйікті гүлдеріне ауысады, оның екінші ұшығы бір күн бұрын көрген кітапқа – монографияға көшеді. Одан бөлек, «ботаникалық» деген ұғым қайсыбір гимназиялық эпизод пен орта мектептегі емтиханға, ал хоббилері туралы тақырып – сүйікті өсімдігі, артишок арқылы ұмытылған гүлдер жайлы ой ағынына байланысады. «Артишоктардан» бір жағы Италия туралы, екінші жағынан, оның кітапқа деген сүйіспеншілігін түсіндіретін балалық шақ жайлы естелік



шығады. «Ботаникалық» деген ұғым, сонымен, жоғарыдағы айтылған Кенигштейнмен болған әңгімеге қатысты әртүрлі ойлар тізбегін бір-бірімен байланыстыратын түйінді пункт болып табылады.

«Алғашқы зерттеулерден кейін «ботаникалық» пен «монографияның» элементтері түстің мазмұны болып қабылданып, түстің тасасындағы көптеген ойлармен байланысу нүктелерін анықтайды, демек: түс мазмұнының әр элементін оның тасасындағы ойлар анықтайды, қамтамасыз етеді; бұл екеуінің түйісетін бірнеше пункті болады» деген тұжырым жасайды Фрейд.

Фрейдтің түс жору теориясындағы, түс күндізгі болған жағдайлардың, адам өміріндегі маңызды оқиғалардың және адамның қалауы мен армандарының орындалу процесінің көрінісі деген пікірі, қазақ дүниетанымындағы түс жору, аян беру, түске сену секілді ұғымдарымен жапсарлас болып келеді.

Қазақ дүниетанымындағы түс жору концепциясы

Түс көру адамның бүкіл жан жүйесін танып-білуге ықпал ететіндіктен, ғалымдар бұл тылсым көріністерді психологиялық құбылыс ретінде қарастырады. Түсте адам санасы шеңберден шығып, шетсіз-шексіз әлемді игереді, кеңістік пен уақытқа тәуелді болмайды. Сондықтан түсті көруден гөрі, оны жоруға ерекше мән беріліп отырған.

Қазақ дәстүрлі қоғамында да, түс көруге бей-жай қарамағанын, оған айрықша ден қойып, мағынасын жорығанын фольклорлық мұраларынан, ырымдар мен жоралардан көруге болады. Түсті әрдайым жақсылыққа жорып, «Түс – балқыған қорғасын, оны жақсылыққа жорысаң – жақсы ниет қабыл болып, жақсылыққа айналады, жамандыққа жорысаң – жамандыққа айналуы мүмкін» және «Түстің мойны қылдай, қайда жорысаң сонда бұрылады, сондықтан тек жақсылыққа жоры» деген ұғымдар қалыптасқан.

Түстің табиғи болмысын сана астарындағы психологиялық процесс екендігін Жантану/Психология ғылымы тұрғысынан зерттеген Ж. Аймауытов былай деп түсіндіреді: «Адамның есі бүтін болмайтын күйлері болады. Сондай күйдің бірі – түс көру. Ұйқы дегеніміз – мерзімді демалыс, тыныс алу. Ұйықтаған адамда сана не мүлдем болмайды, не кем болады... Шырт ұйқыда жатқанда адам түк сезбейді. Бірер ұйықтап алған соң, ұйқы сергек бола бастайды, ұйқылы-ояу деген күйге келеді. Сондай кезде санамыз кіресілі-шығасылы болып, түс көрсек керек. Түс дегеніміз – ояуда көретін нәрселердің пернесі болады. Түсімізде сол пернелерді өңіміздегі екен деп ойлаймыз.

Шығыстың орта ғасырдағы атақты ойшылы әл-Фараби да адам баласының түс көру себебін күндізгі саналы түрдегі ойлау процесі тоқтаған кезде жүзеге асатын табиғи құбылыс деп қарайды.

Түс көрудің адамның ойлау жүйесінде атқаратын қызметіне де бір сәт зер салсақ. Түс адам өмірінің әрбір құпия қалтарысын қалт жібермей бүкіл тарихын бейнелейтін аппарат тәрізді. Сондықтан түс көруді ұйқы кезіндегі мидың фантазиясы деуге әбден болады. Ол қиялдың ең жоғарғы түрі болып табылады.

Негізі, адамның түс көруі туралы алғашқы ұғым-түсініктері ежелгі діни наным-сенім негізінде қалыптасқан. Өйткені ешқандай ақпарат, хат-хабар жоқ кездерде түс солардың қызметін атқарған. Кез келген кезеңнің айнасы, ойлау жүйесінің сәулесі болып табылатын халық танымы, мифология, халық әдебиеті туындыларында т.б. түс көрудің алдыңғы орынға шығуы, соған елдің имандай сенуі, сол арқылы келешекті де сәуегейлікпен сезінуі, болашақты болжауы, келер қауіптерден қорғануы т.б. соның бірден-бір дәлелі болса керекті. Айталық, жаман түс көрсе, шошынып, құдайы берушілік, оны жұртты жиып отырып жору, сол арқылы түрлі қауіп-қатерден қорғану немесе жақсы түстен бір жақсылық күту т.б. Оның сан алуан көркемдік көріністері біздің төл әдебиетімізде, әсіресе көне эпостарда кестелі бейнеленген.

Қазақтың ұлттық этнопсихологиясындағы түс көру, түс сатып алу, түс садақасы, түс құдайысы деген ұғымдардың қалыптасу жайына зер салар болсақ, олардың ел өмірінде белгілі бір рухани сұранысқа, табиғи талап-тілекке орай дүниеге келгендігі байқалады. Әсіресе



түс садақасына қатысты оқиғалар қазақ хандарының, батырларының өмірлерінде жиі ұшырасады. Мысалы, Абылайханның өз сарбазы Жәнібектің түсін оңға жорып, түс садақасын жасау арқылы жеңіске жеткені жайлы аңыз-әңгіме, кімді болса да қызықтырары хақ. Бұл аңызда түс жорудың екі түрлі шарты ескерілген. Бірі қандай түсті де жақсылыққа жору, екіншісі – келер қауіпті құдайы, садақа беру арқылы болдырмау.

Абылай ханның түс көру мен жорудағы көрегенділігі аңызға айналған. Әсіресе сәйгүлік атты түс садақасына шалып, қан шығарту арқылы болғалы тұрған ауыр жағдайды өзгертіп, әскерінің пайдасына жеңісті аударып жібергені аса сиқырлы құбылыс. Атақты қолбасшы Абылай хан тағдырындағы түстің философиялық танымдық маңызы керемет рухани байлықты құрайды.

Бұл түстің жақсылыққа жорылуы негізінде, адамға қуаныш әкелетіндігінің мысалы. Сонымен қатар, түстің адам өмірінде болатын қауіпті немесе жамандық жайында хабар беретін ескертпе ретіндегі мысалдары да кездеседі. Мәселен, әйгілі билеуші Әмір Темірдің анасының түсі. Темірдің анасы Сақыпжамал баласына аяғы ауыр кезінде түс көріпті. Түсінде ол бала емес, жылан туыпты. Сол жылан көз алдында үлкейіп айдаһарға айналыпты. Алдымен ол өзінің туған анасын жұтыпты, артынша ханды жұтыпты. Бұл түсін жас келіншек үйіне кездейсоқ келген жолаушы кемпірге жорытады. Кемпір сатқындық жасап, бұл түсті жамандыққа жорып, кейін ханға барып, «сенің ажалың ана әйелдің баласынан келеді» деп жеткізіпті. Қатал хан келіншекті алдырып, өз қолымен ішін жарып, өлтіріп, мазардың ішіне көмусіз тастатыпты. Алайда Сақыпжамалдың туған сіңлісі, анасының құрсағында аман қалған, шалажансар, жеті айлық баланың кіндігін тісімен қиып, баланы алып кетеді. Ханның қылышы тиіп, аяғының сіңірі қиылған бала, анасынан аяғы ақсақ болып туылыпты. Бұл ұлы әмірші Әмір Темірдің анасының көрген түсінің, оның тағдырында орын алған қайғылы оқиғаның, алдын ала жасалған ескертпесі болған іспетті.

Әдебиетші ғалым Х. Досмұхамедұлы бұл жөнінде былай дейді: «Түс жорудың қазақтар арасында да үлкен мәні бар екені ежелден белгілі, сол себепті де ел ішінде арнайы мамандар – түс жорушылар да ұшырасады. Бұрынғылардың айтуынша түс жору Перғауынның түсін болжаған Жүсіп пайғамбардан басталады. Әрбір қазақ түсін біреуге жорытуға тырысады және осы жору сөзге әрдайым сенеді. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш» және т.б. жырларда түс көру мен оны жорудың поэтикалық суреттемелері баршылық.

Түс жорумәселесіне қатысты қазақ ғылымында Ә. Диваевтың «Түсбаяны», Ф. Танталиеваның «Қазақша түс жору», «Түс жорудың төл кітабы» атты жинақтары мен Ж. Дәдебаевтың «Түс аяны» және т.б. ғалымдардың кітаптары бар.

3. Фрейд түсті жору мен оны талдау арқылы адамның өзіне де беймәлім жасырын жәйттерді, құпия ойларды, жұмбақ сырларды ашуға болатынын дәлелдеп берді.

Фрейд түс көрудің айқын мазмұнымен қатар, тылсым астары да бар, сондықтан түс адамның бейсаналық деңгейіндегі ойларының символдық бейнесі деп білді. К. Юнг бойынша түс көру адам санасынан тыс, оның рухани дүниесіндегі сана мен бейсаналықтың арасын байланыстыратын, болашақты болжайтын санадан тыс құбылыс деп санады.

Біз көбіне түні бойы түс көріп шыққандай және таңертең тұрғанда сол түстердің басым бөлігі есімізден шығып кеткендей сезімде жүреміз. Ояна сала жадымызда сақталған түстерді толықтай еске түсіруіміз мүмкін. Алайда уақыт өте кеш жақындаған сайын түс санамыздан өше бастайды. Түс жадыда қалған әрбір жеке бөліктеріне орай талданатындықтан, түстің ұмытылу мүмкіндігі – түс жұмысының барысында жүретін сығымдалуды жоққа шығармайды.

Түс дау-дамайды, үрейді барынша көрсететін жанның табиғи тілі. Түнгі сағат 22-ден таңға дейін әрқайсысы 20 минуттық, жалпы ұзақтығы 90–120 минуттық 3–4 түс көрмейтін адам болмайды. Біздің Меннің әрбір бөлігі өзінің түсін көреді, бір бөлігі көріп жатса, басқа бөлігі бақылап жатады. Терең ұйқы кезінде сирек, қысқа көріністер болады. Түстер қысқа және ұзақ болады. Олар бекер көрінбейді, олар жоруды қажет етіп тұрады. Олар неге түсініксіз? Бұл үрей мен проблеманы барынша бүркемелеу.

«Түс – бұл дау-дамай мен үрейдің, қорқыныштың айғағы. Цензура мен ұждан күші елігулерді жасырып, түстің мән-мағынасын шиеленістіреді», – дейді ғалым.



Түстің жұмысы

Түске қатысты мәселелерді шешуге бағытталған, бұған дейін жасалған талпыныстардың барлығы біздің есімізде сақталатын түстің айқын мазмұнына байланысты болды. Мұндай талпыныстардың бәрі түстерді тікелей мазмұнымен өлшеуге күш салды немесе басқаша түсіндіруден бас тартып, түсті жай ғана мазмұндауға тірелетін. Фрейд бұл мәселеге басқаша көзқараспен қарайды. Ол түстердің көпе-көрнеу мағынасы мен олардан шығатын нәтиженің арасындағы: дәлірегі, түстердің астарындағы жасырын мазмұн мен «түс-ойлардың» өзінің жаңа әдісі (технологиясы) арқылы қол жеткізген, психикалық материалдың жаңа деңгейін ұсынады. Фрейд мағынаны түстің көпе-көрнеу мазмұнынан емес, осы түс-ойлардан іздейді. Сондықтан ол алдына мынадай жаңа міндет қояды: түстердің тікелей мазмұны мен жасырын түс-ойлардың арасындағы қатынастарды зерттеу және соңғысының біріншіге айналу процесін анықтау.

«Түс-ойлар мен түс-мазмұн бізге бір мәселенің екі тілдегі екі нұсқасы немесе түс-мазмұны түс-ойды жеткізудің басқа бір жолы секілді көрінеді және біздің міндетіміз – түпнұсқа мен аударманы салыстыру арқылы оның сипаттары мен синтаксистік заңдарын табу. Түс-ойлар бізге олар жайлы ести сала бірден түсінікті болады. Ал түс-мазмұн болса, суреттік, не таңбалық негізде жетеді және оның сипаттарын түс-ойлардың тіліне аудару керек. Егер бұл сипаттарды олардың ішкі мазмұнына қарай емес, бейнелік мағынасына сәйкес оқуға тырыссақ, онда қателесетініміз анық. Көз алдымызда ребус, бас қатырғыш тұр деп елестетейік: онда үй, үйдің шатырындағы қайық, жалғыз әріп, жүгіріп бара жатқан бассыз адам, т.б. салынған. Бір қарағанда, бұл көрініс бізге түсініксіз, оның құраушы бөліктері де, мағынасыз деуге болады. Қайық үйдің шатырында неліктен тұрады, басы жоқ адам жүгіре алмайды. Ол аз десеңіз, адам үйден үлкен; егер бұл сурет – пейзаж дейтін болсақ, ондағы әріп тіпті орынсыз, өйткені табиғатта мұндай объектілер болмайды. Әрине, бүтін композиция мен оның бөліктері жайлы мұндай сыни пікірлерді шетке ысырсақ және оның орнына, әр жекелеген элементті, сол элемент ұсынатын буын, не сөзбен ауыстырсақ қана лайықты тұжырымға келе аламыз. Осылайша қатар қойылған сөздер біз көрген басқатырғышқа қарағанда, анағұрлым көркем де маңызды поэтикалық тіркесті құрауы мүмкін. Түс деген осы секілді бас қатырғыш-сурет және бізге дейінгілердің түс жоруда жіберген қателігі – ребусты суреттік композиция деп қабылдауы: сондықтан да бұл оларға мағынасыз және назар аударуға тұрмайтын болып көрінді», – деген тұжырым жасайды Фрейд.

Ығыстыру жұмысы

Түстегі сығымдалу мысалдарын жинау барысында, сірә маңыздылығы кем емес өзге қатынастың бары белгілі болды. Түстің көпе-көрнеу мазмұны ретінде оқшауланып тұратын элементтер түс-ойларда дәл сондай рөл ойнамайды. Нәтижесінде бұл пікірге қарама-қарсы пікір туындайды: яғни түс-ойлардың күмәнсіз негізі болып табылатын дүниелер түсте көрініс табуы міндетті емес. Түс, құдды түс-ойлардан бөлек шоғырланғандай, оның мазмұнының өзегінде басқа элементтер жатыр. Түс-ойдың жалғыз элементі – пропорциясыз өлшемдерге дейін кеңейіп кетсе де, ой-мазмұнға жол таба алғандай. Осы сияқты түстерге қарап «ығыстыру» жайлы уәждің орындылығына сенуге болады.

Фрейд: «Түс-ой мен түс-мазмұнның арасындағы толықтай құбылмалы және тұрақсыз байланыс таңғалдыратындай құбылыс. Егер біз қалыпты өмірдегі психикалық процестерді еске ала отырып, олардың бірнеше құрамдас идеяларының ішінен бірі таңдалып алынып, оның айқындылық пен саналылықтың ерекше деңгейіне көтерілгенін байқасақ, мұны осы басым идеяның айрықша психикалық құндылығы – оған қандай да бір ерекше қызығушылықпен қараудың белгісі деп қабылдаймыз. Алайда біз түс-ойлардың түрлі элементтерінің құндылықтары сақталып қалмайтынын, не түсті қалыптастыруда назардан тыс қалатынын байқаймыз. Бұл жерде ешқандай «түс-ығыстыру» жоқ. Түсті ығыстыру мен түсті сығымдау – түстің формасын қалыптастырады деп айта алатын басқарушы факторлар. Түстің жұмысында



психикалық құнды элементтердің қарқындылығын жоғалтатын психикалық күш көрініс тапса, ал екінші жағынан маңызыдылығы төмен элементтерден маңыздылығы жоғары, түс мазмұнына кіретін жаңа құндылықтар жасалады», – дейді.

Түс-ығыстыру фактілерінен көрініс табатын психикалық ықпалды тануда қандай да бір қиындыққа кездеспейміз. Ығыстырудың нәтижесі – түс-мазмұн түс-ойдың өзегіне ұқсамайды және түс – бейсанадағы түс-ынтызарды бұрмалап қана жеткізеді. Алайда біз түс-бұрмалаумен әлдеқашан таныспыз. Біз оның санадағы бір психикалық агенттің екіншісіне көрсеткен цензурасынан көре аламыз. Түс-ығыстыру сол бұрмалауға қол жеткізетін негізгі әдістердің бірі. Ендеше, түс-ығыстыру тура сондай цензура – эндопсихикалық қорғаныс цензурасының әсерімен іске асады.

Біз Фрейдтің «Түс жору» теориясының негіздерімен де таныстық. Психоанализ кең ауқымды ілім болғандықтан, барлығын бір дәріс көлеміне сыйдыру мүмкін емес, әрине. Сондықтан сіздерге Фрейдтің «Түс жору» еңбегін толығымен оқып, танысуға кеңес береміз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Сығымдалу процесі мен ығыстыру процесінің арасында қандай айырмашылық бар?
2. Фрейд ұсынатын «Түс жору» теориясының басты ерекшелігі қандай?
3. «Фрейд әдістемесін қолдана отырып, түс жору жақсы нәтиже береді» деген пікірмен келісесіз бе?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Julie Rivkin, Michael Ryan, *Literary Theory: A Practical Introduction* (Wiley Blackwell, 3rd edition, 2016).
2. К.Жидков., Краткое содержание «Толкования сновидений» Фрейда.
3. Толкование сновидения. Зигмунд Фрейд. Библиотека Якова Крото.